

Қуанышбаева Дария Сакенқызы

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САЛЫҚТЫҚ  
ӘКІМШІЛІКТЕНДІРУ: ЖАҒДАЙЫ, МӘСЕЛЕЛЕРІ,  
ШЕШУ ЖОЛДАРЫ**

6М050900 «Қаржы»

Экономика ғылымдарының магистрі академиялық  
дәрежесін алуға арналған диссертация

Ғылыми жетекшісі

---

э.ғ.д., профессор Нурумов А.А.


# диссертациялық жұмыстың мақсаты

- - салықтық әкімшіліктендірудің мемлекет пен қоғамның мүддесін, мемлекеттік бюджеттің кіріс көзін қалыптастырудағы алатын орны мен атқаратын рөліне баға беріп, ол бойынша жетілдіру жолдарын ұсыну.

# зерттеудің міндеттері

- жалпы, Қазақстан Республикасындағы салық саясаты және оның жүзеге асырылуындағы салықтық әкімшіліктендірудің атқаратын рөлі;
- салық механизмінің негізгі элементі ретіндегі салық әкімшілігінің теориялық негіздерін қарастыру;
- салықтық әкімшіліктендірудің қазіргі кездегі жүзеге асырылу механизмін жергілікті салық комитеттері негізінде талдау;
- салықтық әкімшіліктендіруді жетілдіру жолдарын қарастыру және сол бойынша тұжырымдар жасау.

- **Зерттеу объектісі** ҚР салық жүйесі және салықтық әкімшіліктендіру аспектілері мен оның даму жағдайлары болып табылады.
- **Автормен қорғауға шығарылатын жұмыстың негізгі жағдайлары:**
  - салықтық әкімшіліктендіру мазмұнын айқындауда авторлық анықтама беру;
  - салықтық әкімшіліктендірудің реформалануы мен даму кезеңдерінің жүйелендірілген үлгісі;
  - ҚР-да салық әкімшілігін, салық қызметін және жалпы салық салу жүйесін жетілдіру жөніндегі бағыттар.



Сурет 1- Салықтық әкімшіліктендірудің негізгі функциялары

Е с к е р т у – сурет автормен құратырылды

Кесте 2 - Мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігінің 2013-2015 жылдардағы орындалу деңгейі, млрд. теңге

Төлемнің аты	2013 ж			2014 ж			2015 ж		
	Жос-пар	нақты	%	Жос-пар	нақты	%	Жос-ар	нақты	%
<b>КІРІСТЕР</b>	6 281	6 382	101,6	7 287	7 321	100,5	7 245	7 634	105,4
<b>Салықтық түсімдері,</b>	4 707	4 779	101,5	5 122	5 115	99,9	4 516	4 883	108,1
<b>оның ішінде:</b>									
<b>корпоративтік табыс салығы</b>	1 132	1 032	91,2	1 211	1 169	96,6	994	1 224	123,1
<b>жеке табыс салығы</b>	463	492	106,4	526	552	105,0	590	598	101,4
<b>әлеуметтік салық</b>	363	380	104,7	416	427	102,7	455	464	102,1
<b>қосылған құн салығы</b>	1 237	1 327	107,3	1 234	1 198	97,1	945	944	99,9
<b>акциздер</b>	100	103	103,1	138	147	106,5	163	161	98,8
<b>Салықтан тыс түсімдер</b>	120	141	117,9	154	179	116,0	203	224	110,6
<b>Негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер</b>	48	56	116,4	55 0	71	129,1	68	69	101,5
<b>Трансферттердің түсімдері</b>	1 405	1 405	100,0	1 955	1 955	100,0	2 457	2 456	100,0


Кесте 3 - 2012-2015ж. Мемлекеттік бюджет кірісіндегі негізгі салықтық түсімдердің өсу қарқыны, млрд.тг.

	2012ж	2013ж	2014ж	2015ж	Өсу қарқыны (алдыңғы жылмен салыстырғанда, %)		
					2013ж	2014ж	2015ж
<b>Салықтық түсімдер</b>	4095,3	4779,0	5115,7	4883,9	116,7	107	95,47
<b>Корпорациялық табыс салығы</b>	1041,2	1032,7	1169,6	1224,6	99,19	113,3	104,7
<b>Жеке табыс салығы</b>	438,5	492,9	552,3	598,8	112,4	112	108,4
<b>Әлеуметтік салық</b>	340,9	380,4	427,9	464,7	111,6	112,5	108,6
<b>Мүлікке салынатын салықтар</b>	127,5	142,4	173,1	208,9	111,7	121,6	120,7
<b>Жер салығы</b>	13,0	14,1	14,3	14,9	108,5	101,1	104,4
<b>Көлік құралдарына салынатын салық</b>	30,9	36,0	38,8	42,3	116,4	107,8	108,8
<b>Қосылған құн салығы</b>	914,3	1327,6	1198,2	944,4	145,2	90,25	78,82
<b>Акциздер</b>	93,1	103,6	147,1	161,1	111,3	141,9	109,5
<b>Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер</b>	303,9	312,4	278,1	266,6	102,8	89	95,87
<b>Ойын бизнесіне салық</b>	6,4	7,7	8,9	10,6	120	114,9	118,9
<b>Халықаралық сауда мен сыртқы операцияларға</b>	744,4	880,0	1054,0	880,1	118,2	119,8	83,49

Кесте 4 - Мемлекеттік бюджеттегі салықтық түсімдердегі негізгі салықтардың үлесі


Төлемнің аты	2013 ж		2014ж		2015ж	
	млрд. тг	%	млрд. тг	%	млрд. тг	%
<b>Салықтық түсімдер</b>	4779,0	100	5115,7	100	4883,9	100
<b>Корпорациялық табыс салығы</b>	1032,7	21,6	1169,6	22,9	1224,6	25,1
<b>Жеке табыс салығы</b>	492,9	10,3	552,3	10,8	598,8	12,3
<b>Әлеуметтік салық</b>	380,4	7,96	427,9	8,37	464,7	9,51
<b>Мүлікке салынатын салықтар</b>	142,4	2,98	173,1	3,38	208,9	4,28
<b>Жер салығы</b>	14,1	0,3	14,3	0,28	14,9	0,31
<b>Көлік құралдарына салынатын салық</b>	36,0	0,75	38,8	0,76	42,3	0,87
<b>Қосылған құн салығы</b>	1327,6	27,8	1198,2	23,4	944,4	19,3
<b>Акциздер</b>	103,6	2,17	147,1	2,87	161,1	3,3
<b>Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер</b>	312,4	6,54	278,1	5,44	266,6	5,46
<b>Ойын бизнесіне салық</b>	7,7	0,16	8,9	0,17	10,6	0,22
<b>Халықаралық сауда мен сыртқы операцияларға салынатын салықтар</b>	880,0	18,4	1054,0	20,6	880,1	18






Сурет 3 - 2015 жылдағы бюджеттің салықтық түсімдеріндегі ірі салықтардың үлесі, (%)

Ескерту – ҚР ҚМ 2015 жылға арналған статистикалық мәліметтері бойынша



Сурет 4 - Салық органдарының көрсететін «салық қызметі сапасының» деңгейі, %

Е с к е р т у – ҚР ҚМ 2015 жылға арналған статистикалық мәліметтері бойынша




Сурет 5 - Салық тексерулерінің бір қызметкерге шаққандағы саны және олар бойынша қосып есептелген салықтарыдың үлесі, %  
 Ескерту – ҚР ҚМ 2015 жылға арналған статистикалық мәліметтері бойынша

Кесте 5 - 2015 ж. ҚР бойынша аймақтық салық комитеттерінің қызметін бағалау, %

Салық комитеттері	Барлығы	Түсімдер	Бақылау-экономикалық жұмыс	Қарыз	Артық төленген сома	шағымдану	Жемқорлықпен күрес	автоматтандыру	Түсіндіру қызметі	ҚҚС қайтарып алу
Қарағанды	83,9	12,0	14,4	12,8	11,9	2,4	9,8	9,6	5,5	3,4
Алматы қаласы	77,9	15,5	11,7	8,5	10,6	9,2	7,7	8,7	0,5	3,4
Қызылорда	75,4	13,0	12,6	3,4	13,6	9,2	6,3	6,3	5,5	3,4
Қостанай	67,7	9,0	5,4	11,1	9,4	9,2	8,4	4,2	5,5	3,4
СҚО	63,7	3,0	9,0	10,2	2,1	9,2	10,5	8,7	5,5	3,4
ШҚО	63,4	5,0	9,9	6,0	6,8	9,2	11,2	7,8	2,0	3,4
Жамбыл	60,8	2,0	13,5	7,7	8,1	9,2	4,2	5,1	5,5	3,4
Ақтөбе	58,6	7,5	3,6	13,6	12,8	0,8	2,1	7,2	5,5	3,4
НК по ЗКО	57,5	1,0	10,8	11,9	8,1	9,2	2,8	2,7	5,5	3,4
Алматы	56,9	14,0	2,7	4,3	10,6	1,6	9,1	3,6	5,5	3,4
Ақмола	52,0	10,5	1,8	9,4	6,0	9,2	3,5	5,1	1,0	3,4
Атырау	49,9	7,5	6,3	6,8	0,9	9,2	7,0	1,2	5,5	3,4
ОҚО	45,4	15,5	0,9	5,1	2,1	3,2	4,9	2,7	5,5	3,4
Павлодар	42,4	4,0	7,2	2,6	5,1	4,8	1,4	6,3	5,5	3,4
Астана қаласы	38,2	10,5	4,5	0,9	3,4	4,0	5,6	1,8	2,0	3,4
Маңғыстау	38,1	6,0	8,1	1,7	4,3	9,2	0,7	0,6	2,0	3,4

Салық аудитінің электронды ақпараттық жүйесі салық жүйесінің барлық буындары бойынша синхронизацияланған салықтық тексерулерді жоспарлаудың, ұйымдастырудың және жүргізудің жүйесін жетілдіру төмендегілерді атқаруға мүмкіндік береді:

- салықтық тәртіп бұзушылықтарды дер кезінде анықтауға және оларға жедел қарсы әрекет етуге;
- салық төлеушілердің вертикалды интеграцияланған және өзара байланысты құрылымын қадағалауға;
- салық төлеуден жалтарудың және салықты жасырудың негізгі схемаларын автоматтандырылған түрде анықтау әдістерін, алгоритмдерін және бағдарламаларын жасау;
- салық қызметі мамандарының біліктілігін анықтау мен жұмысын бағалау үшін олардың жұмыстарын талдау;
- салық аудиті барысында туындайтын мәселелер бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу;
- ҚР «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексіне өзгертулер мен толықтырулар енгізу жөніндегі ұсыныстарды талдау жасау.



Сурет 6 - Салықтық әкімшіліктендіруді жетілдіру бағыттары  
 Е с к е р т у – сурет автормен құрастырылған

Жоғарыдаға дамыған елдерінің салықтық әкімшілігіне шолу жасай отырып, салықтық бақылау жүргізу үшін салық төлеушіні таңдау салықтық бақылау жүйесін ұтымды ұйымдастыру үшін өте қажет екеніне көз жеткіздік. Осындай амалды қолдану ғана салық органдары мамандарына біршама ауыртпалық түсіру жағдайында бюджетке аударылғанға дейінгі нәтижемен алып қарағанда да, салық төлеушілерге профилактикалық әсер ету жағынан қарасақ та, тексерулердің көп нәтиже беруін қамтамасыз етеді.

- салалық салық қызметін ұйымдастыруда қызметтік әдісті игеру. Қызметтік принцип бақылау мен қарама-қарсылық жүйесін жасап, қызметкерлердің біліктілігін арттыруға және кешенді әдіс пен мамандандырудың есебінен еңбек өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл принцип салық процедураларын жүзеге асыру барысында, салық органдарының қызметіне шағымдануда, салық төлеушілердің ескертпелерін қарастыруда біртұтастықты қамтамасыз етеді;
- Салықтық бақылау тұжырымының болуы бақылаудың маңызды бағыттарында мамандардың күш-жігерін концентрациялау, кең көлемді ақпараттық базаның негізінде тексеру үшін мақсатты түрде кәсіпорындарды таңдау;
- Нақты критерийлердің негізінде салық қызметі жұмысшылары мен бөлімшелердің жұмысын бағалау, салықтық бақылаудың тиімділігін көтеру үшін ынталандыратын құралдар ойлап табу.
- Басқа дамыған елдердегі салық қызмет органдарының қызметін түрлі баллдық жүйе арқылы, бағалап, еңбек ақыны дифференциалдау мәселесін дұрыс жолға қою, біздің ойымызша, салық инспекторларының қызметін жақсартады, жемқорлыққа қарсы жанама реттеп отырады.

Ал, Қазақстан республикасында қалыптасқан салықтық әкімшіліктендіру, оның ішінде салық бақылауында кездесетін көптеген проблемалар бар:

Оның ішінде, салық қызметінің сапасының жоғары болмауы; салықтық бақылаудың жеткілікті түрде тиімді болмауы; салықтардың толығымен жиналмауы немесе салықтық жетіспеушіліктердің болуы.



- Аталған мақсатқа жету үшін көптеген мәндеттерді орындау қажеттілігі туындайды, солардың бірі салық қызметі органдарында қызмет ететін персоналдарды оқыту, қызмет ету кезінде мөлдірлік, объективтілік және кадрлық лауазымдардың карьерлік өсуін қамтамасыз етіп отыру табылады. Сонымен бірге, салықтық әкімшіліктендірудің процедураларын жеңілдететін салық заңнамасын енгізу мәселелерін қолға алу қажет. Оның қысқаша мазмұнын жоғарыдағы суреттен байқауға болады.

Аталған жоспарды орындау үшін, жоғарыда қарастырып өткеніміздей салықтық әкімшіліктендірудің атқаратын рөлі жоғары және ол үшін салық қызметі органдарында келесі қызметтерді жандандыру қажет:

- Салық бақылауы рәсімін жетілдіру және оңайлату, реттеу;
- Мемлекеттік, өзге уәкілетті органдардың шет мемлекеттердің құзырлы салық органдарымен өзара әрекет ету тиімділігін арттыру;
- Салық бақылауы рәсімін автоматтандыру;
- Жүйелі түрде салық салудан жалтаруда қолданылатын жаңа тәсілдер мен схемалар анықтау және олардың тууына ықпал ететін себептерді жою аясында әрі қарай шаралар енгізу.

Рахмет!